

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Атырау қаласы Қайыршақты ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 14 қаңтардағы № 14 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 15 қаңтарда № 4874 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы Қайыршақты ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы Қайыршақты ауылдық округі әкімінің 21.04.2021 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Атырау қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № 08-5/2 хатына сәйкес Қайыршақты ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қайыршақты ауылдық округі "Долголевец" шаруа қожалығы аумағында мүйізді ірі қара малы арасында лептоспироз ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қайыршақты ауылдық  
округінің әкімі*

*Ш. Калиев*